

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 шілде N 1159

"Фосфор" акционерлік қоғамының (Шымкент қаласы) маңызды стратегиялық мәнін , сондай-ақ таратылатын кәсіпорындағы қалыптасқан ауыр қаржы жағдайын ескере отырып, "Фосфор" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін сату жөніндегі шараларды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Фосфор өнеркәсібінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі N 1298 P991298_ қаулысына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Фосфор" (Шымкент қаласы) акционерлік қоғамының сатып алушыларына:

1) алдымен, мүліктік кешенді бірыңғай лотпен сатуды; сатып алушылар болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісім бойынша сату үшін бірнеше лотты қалыптастыруды;

2) конкурстық массаны сатудан түскен қаражат жеткіліксіз болған жағдайда - сатып алушылардың Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген шарттарда және мерзімде бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың талаптарын кейін қ а н а ғ а т т а н д ы р у ы н ;

3) үшінші және келесі сауда-саттықтарда голландтық тәсілмен өткізу және жалғыз қатысушы болған жағдайда оларды өтті деп тануды көздейтін айрықша шарттары, конкурстық массаны сатудың тәртібі және қосымша талаптар белгіленсін."

2) "Фосфор" АҚ-ның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 2 шілдедегі N 920

P990920_

қаулысына:

1-тармақтың төртінші, бесінші, алтыншы абзацтары алынып тасталсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.10. N 932
қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулының орындалуын, сондай-ақ сатып алушылардың "Фосфор" акционерлік қоғамының мүліктік кешенін сатып алу-сату шарттары жасалғаннан кейін олар бойынша талаптары мен міндеттемелерін орындауын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.